№71 (10061)
7 қыркүйек,
сенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Парыз

Әскер — ел қорғаны

Қазақ елінің тарихында батыр бабаларымыздың ел мен жерді қорғаған, сол қасиетті жолда қасық қаны қалғанша күрескен, намысты қолдан бермеген, әсіресе қазақ-жоңғар соғыстарындағы жанқиярлық ерліктері бізге жігер береді. Қазіргі таңда бабаларымыз аманат етіп қалдырған ұлан-байтақ жерімізді қорғау кейінгі ұрпақтың азаматтық парызы болып қала береді. Сондықтан мектеп бітірген жастарымыздың ел әскерінің қатарына қосылуы маңызды. Осы орайда елімізде күзгі әскерге шақыру науқаны желтоқсан айына дейін жалғасады.

Күзгі әскерге шақыру науқаны кезінде Қазақстан армиясының қатары 20 мыңнан астам сарбазбен толығады. Мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға негіздері жоқ 18 жастан 27 жасқа дейінгі азаматтар шақырылады.

Қорғаныс министрлігінің мәліметінше, сарбаздарды әскерге шақыру кезінде Қарулы күштердің, Ішкі істер министрлігі Ұлттық ұланының, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Төтенше жағдай министрлігінің, Мемлекеттік күзет қызметінің бөлімшелері жасақталады.

Сондай-ақ биыл сарбаздарға арналған артықшылықтар заң жүзінде бекітілген. Оларға қызмет ету кезеңінде және әскерден босатылғаннан кейін екі ай уақытқа несиелік демалыс беріледі. Елімізде 6 мыңнан астам әскери қызметшінің 1 млрд 828 млн теңге сомасындағы төлемдері кейінге шегерілген. Отан алдындағы борышын өтеген азаматтарға студенттік жатақханадан орын да беріледі. Мұнан бөлек әскерде қызмет еткен мың жарымнан астам азамат жоғары оқу орындарына тегін, ал ақылы бөлімге 700-ден астам ер азамат оқуға түскен. Биыл көктемде запасқа шығарылған 400-ден астам әскери қызметкер келісім-шарт бойынша әскери қызметке орналасқан.

Қалалық және аудандық шақыру комиссиялары жергілікті атқарушы органдар әкімдерінің орынбасарларының тарағалығымен жұмыс істейді. Шақыру науқаны ашық форматта өтеді. Әр қорғаныс істері жөніндегі департаментінде «жедел желі» ашылған, сонымен қатар сұрақтарды әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттар арқылы да қоюға болады.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

Ахуал

COVID-19: 79 жағдай тіркелген

Аймақта жыл басынан бері вирустың 79 жағдайы тіркелген. Нақты айтқанда, қаңтар-мамыр аралығында аймақта 76 адамнан COVID-19 жұқтыру дерегі анықталса, мамыр айынан тамызға дейін коронавирусқа шалдығудың бірде-бір дерегі тіркелмеген.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы және облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мамандарының айтуынша, елде соңғы кезде тіркеліп жатқан короновирус инфекциясының омикрон штамының түрлі нұсқалары екені анықталды және ағымы көп жағдайда жеңіл түрде өтіп жатқаны байқалады.

Қазіргі тұмаудың белең алатын уақыты десек те болады. Күннің күрт суып кетуі, қайта жылуы – басты фактор. Ең бастысы, денсаулық сақтау ұйымдарының барлығы дайын. Тиісті қорғаныш құралдары, маскалар, аппараттар барлығы жеткілікті. Егер осындай тұмаудың белгілері бар болса, үй жағдайының жедел жәрдем қызметін шақырып, болмаса емхана дәрігерін шақырып көрінгені дұрыс. Мүмкіндік болса, халық көп шоғырланған жерлерге бармау керек. Себебі вирустың жұғу процесі күрделеніп кетуі ықтимал.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы халықты тұмаудан қорғаудың жалғыз және тиімді әдісі ретінде тұмауға қарсы вакцинациялауды ұсынады. Осы мақсатта тұмаудың эпиддахуалын тұрақтандыру және ауру деңгейін төмендету бағытында жыл сайын жергілікті бюджеттен тұмауға қарсы вакцина сатып алынады. Биыл 85004 доза вакцина алынатын болды. Тұмауға қарсы иммундауға Ресей елінде өндірілген «Гриппол плюс» вакцинасы қолданылады. Бұл тұмаудың штамдарына қарсы тиімді қорғаныс қалыптастырады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №612 қаулысымен бекітілген медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде міндетті профилактикалық екпелерді жүргізу қағидаларына сәйкес жыл сайын тұмауға қарсы вакцинациялау тиісті контингенттерге тұрғылықты мекен-жайы бойынша емханаларда тегін жүргізіледі.

Тұмау өзінің асқынуларымен қауіпті. Сондықтан респираторлық аурулардың бірінші белгілері пайда болған кезде өзін-өзі емдеумен айналыспай, тез арада аймақтық дәрігерлерді үйге шақыртып, дер кезінде ем алу қажет.

«ЖЖ» ақпарат

Сессия

Аудан дамуы қарқынды

Аудандық мәслихаттың сессиясында мәслихат шешімдерінің орындалуы, ұлттық жобалардың жүзеге асырылуы отбасы мен қоғамда мәдени және гендерлік қатынастарды қалыптастыру бағытында атқарылған шаралар мен агроөнеркәсіп кешенін дамытудың жай-күйі және өзге де өзекті мәселелер қаралды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге кеңінен тоқталған аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ғабит Ерболұлы ауданда жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифтерін белгілеуді ұсынды.

– Аудан бойынша кентішілік, ауданаралық және ауданішілік бағыттар бойынша «Маржан-2002» ЖШС тасымалдау жұмыстарын жүзеге асырады. Қазіргі таңда Жаңадария, Аққыр бағыттары облыстық мәслихаттың 2021 жылғы 24 желтоқсандағы №83 шешіміне сәйкес әлеуметтік маңызы бар қатынастар тізбесіне енгізіліп, мемлекет қаражаты негізінде тасымалдаушының шығындары субсидиялануда. Субсидия беру мерзімі 3 жылға белгіленген. Жаңадария бағытына бір жылға 2 372,5 мың теңге, Аққыр бағытына 2 737,5 мың теңге аудан бюджетінен қаралып, ай сайын тасымалдаушы шығындары мемлекет есебінен қаржыландырылып отыр, – дейді бөлім басшысы.

Айта кетейік, кентте екі бағытта жолаушылар тасымалы ұйымдастырылған. Атап айтқанда, №2 бағыт «Аудандық отбасын қолдау орталығы, орталық базар, Амангелді көшесі, Бұқарбай батыр, Әлмағамбетов көшесі, аудандық емхана бағыттары бойынша 2 қоғамдық көлік қатынайды. Ал №3 бағыт «Аудандық отбасын қолдау орталығы, орталық базар, Абай, Әлмағамбетов көшесі, орталық аурухана бағыттары бойынша 1 Mercedes автокөлігі, 2 газель автокөлігі қатынайды.

Бөлім басшысының айтуынша, кентішілік жолаушылардың аздығы автокөлік шығындарын қоспағанда, жанармай шығындарын да өтемейді. Сондықтан бюджет қаражаты есебінен тасымалдаушының шығындарын өтеу қажет. Ол осыған байланысты жолаушылар тасымалдаудың шығындар есебі әзірленіп, бір автокөліктің жылдық шығыны есептеліп, 3 млн 180047 теңге құрағанын айтып, кентішілік №2 және №3 бағыттары бойынша тасымалдаушының шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялауды жүзеге асыру мақсатында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифтеріне келісім беруді сұрады.

Мәслихат депутаттары кентішілік маршруттардың бағыттары, шет аймақтардың қамтылуы, жекелеген санаттағы азаматтарға, оқушыларға берілетін жеңілдіктер туралы, сенбі-жексенбі күндері және түс мезгілінде маршруттардың жүруі туралы ұсыныстарын жеткізіп, ауданда жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифтеріне бірауыздан келісім берді.

2,737 млрд теңгенің өнімі өндірілген

Аудан экономикасын дамытуға үлес қосатын маңызды саланың бірі – ауыл шаруашылығы. Сондықтан жыл сайын мемлекет тарапынан саланы қолдауға ерекше мән берілуде. Биыл мемлекеттік қолдаудың арқасында салада 2,737 млрд теңгенің ауыл шаруашылығы өнімдері өндіріліп, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда өсім көрсеткіші 101,7 пайызды құрады. Бұл туралы аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов баяндады. Сондай-ақ ол аудандық мәслихаттың 2023 жылғы 27 маусымдағы №4-1 шешімінің орындалуы бойынша агроөнеркәсіп кешенін дамытудың жайы мен оны қолдау шараларына кеңінен тоқталды.

– Егін шаруашылығы бойынша ауданда биыл 37 676 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды. Оның ішінде 19800 гектар күріш, 770 гектар жаздық бидай, 129 гектар күздік бидай, 40 гектар арпа, 665 гектар мақсары, 200 гектар қант құмайы, 65 гектар соя, 5 гектар сұлы, 4850 гектар жаңа жоңышқа бар. Сондай-ақ 8091 гектар ескі жоңышқа күтімге алынды. Мұнан бөлек 650 гектар картоп, 1115 гектар көкөніс, 1296 гектар бақша дақылы егілді. Аудан шаруашылықтары техника паркін жаңарту жұмыстарын үнемі жүргізіп келеді. Биыл 669,4 млн теңгеге 13 ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды, – деді ол.

Өңдеу өнеркәсібіне келсек, биыл қаңтар-шілде айларында меже 7197,4 млн теңгеге орындалған. Бұл көрсеткіш өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 8 есеге артқан. Қазіргі таңда ауданда 7 күріш ақтау зауыты және «АгроЛидерТаң» ЖШС-ның мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу цехы жұмыс жасайды.

Облыс әкімінің «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін сатып алынатын азық-түлік тауарларының шекті сауда үстемесін және тізбесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес аудандағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 19 түріне күнделікті мониторинг жүргізілуде.

Нәтижесінде 27 маусым мен 4 шілде аралығындағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің салыстырмалы бағасы бойынша 2 өнімнің бағасы қымбаттаса, 17 өнімнің бағасы тұрақты. Жыл басынан бері азық-түлік бағаларын негізсіз көтергені үшін 14 сауда орнының материалдары құзырлы мекемелерге жолданған.

ЖАЛҒАСЫ 3-БЕТТЕ.

Мәжіліс

Аймақта бюджеттің тиімділігін арттыру аясында салық базасын ұлғайту – күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе. Бұған дейінгі аппарат мәжілістерінде аудан әкімі Ардақ Ибраимов кент, ауылдық округ әкімдеріне әрбір салық түсімдері, салық төлеушілер бойынша талдау жасап, салық базасын ұлғайту мақсатында өзге өңірлердегі кәсіпкерлік субъектілерін тіркеу туралы бірқатар тапсырма берілген болатын. Осы мәселелердің уақытылы орындалуын қадағалау мақсатында Ардақ Әбдіғаппарұлы салық базасын ұлғайту бойынша атқарылған жұмыстарды саралады.

Салық базасын ұлғайту – маңызды міндет

Бюджетті тиімді басқару және сапалы жоспарлау басты міндет екенін жеткізген аудан басшысы Президент тапсырмасына сәйкес бюджет қаражатын тиімді пайдаланып, аса шұғыл емес шараларға оңды-солды қаржы шашуды доғару керектігін қатаң ескертті.

Айта кетейік, 2024 жылға аудан бюджетінің кірістер жоспары 2 млрд 198 млн теңгеге нақтыланып, 1 қыркүйекке дейін кірістердің нақты түсімі 1 млрд 423,4 млн теңгеге жетті, яғни жоспар 118,7 пайызға орындалған. Ал жылдық жоспар 64,8 пайызға орындалып отыр.

Сондай-ақ аудан бойынша биыл қыркүйек айына дейін 434 заңды тұлға, 2 353 дара кәсіпкерлік субъектісі, 2 сот орындаушы, 1 жеке нотариус, 1 адвокат және 421 шаруа және фермер қожалығы салық төлеуші ретінде тіркелген. Жыл басынан 660 дара кәсіпкер ретінде тіркелсе, 728 дара кәсіпкер тіркеу есебінен шыққан. Жыл басынан бері 24 заңды тұлға тіркеу есебіне қойылса, 22 заңды тұлға тіркеу есебінен шыққан.

Салық базасын ұлғайту мақсатында биыл 8 айда қосымша бюджетке төленетін кіріс көздерін іздестіру мақсатында камералдық бақылау, салықтық есептіліктерге талдау, салық төлемгерлермен әңгімелесу, түсіндірме жұмыстарын жүргізу, уәкілетті органдар тапсырып отырған мәліметтерге салыстырмалы жұмыстар жүргізу нәтижесінде жергілікті бюджетке қосымша 61 млн 242 мың теңге түскен.

Сонымен қатар биыл қыркүйекке дейін көлік құралдарына салынатын салық берешектері 11,9 млн теңгені құрады. Оның ішінде басым бөлігі Жалағаш кенті, Жаңадария, Ақсу, Мақпалкөл, Аққұм, Таң, Мәдениет, Қаракеткен ауылына, Мырзабай ахун ауылдық округтерінде берешектер қалыптасқан.

Аудандық экономика және қаржы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Анар Құрманалиеваның айтуынша, «Жастардың кәсіпкерлік бастамасына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер ұсыну» бағдарламасы шеңберінде 2,5 пайызбен несие алған 49 тұлғаның 11-і ғана 29,2 мың теңге көлемінде салық түсірген. Аудан әкімі кәсіпкерлік саласы кірісті еселеудің тиімді жолы екенін жеткізіп, саланы дамытуға ерекше мән беру қажеттігін қаперге салды.

ЖАЛҒАСЫ 3-БЕТТЕ.

Жалағаш ауданы аумақтық және учаскелік референдум комиссияларының құрамы, орналасқан жері және жұмыс уақыты туралы хабарлама

«Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 6-бабы 3-тармағына, «2024 жылғы 6 қазанда республикалық референдум өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 2 қыркүйектегі №636 Жарлығы, «2024 жылдың 6 қазанға тағайындалған республикалық референдумды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс–шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясының 2024 жылғы 3 қыркүйектегі №38/42 қаулысына сәйкес Жалағаш ауданының аумақтық және учаскелік референдум комиссияларының құрамын, орналасқан жері және жұмыс уақытын хабарлаймыз.

Жалағаш ауданының аумақтық референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі, №32, аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының ғимараты.
Телефоны:8(72431)31-7-19, 8(72431)31-4-04.
Комиссия төрағасы - Калыбаев Шарабан Максутович, төрағаның орынбасары- Доспанов Танатар Сагалович, хатшысы - Қожақұлова Даша Нұрмұратқызы.
Комиссия мүшелері - Байымбет Нұрлан Ержанұлы, Бектаева Ақбөпе Алмасқызы, Кенжеғара Ержас Темірханұлы, Кулумбаева Асия Мырзабековна.

Жалағаш ауданының №128 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №7, Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Қонысбек Қазантаев атындағы Мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның ғимараты.
Телефоны: 8(72431)31-5-40.
Комиссия төрағасы - Жамалатов Еркебұлан Сырмағанбетұлы, төрағаның орынбасары- Дуйсенбиева Бибиасия Аманжоловна, хатшысы -Калдиева Айгерим Жанбаевна.
Комиссия мүшелері -Бақытбек Мирас Бақытбекұлы, Есетов Аслан Рашидұлы, Қайкиева Жанагүл Үсембайқызы, Шайхысламова Гүлназия Шайхысламқызы.

Жалағаш ауданының №129 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Жеңістің 50 жылдығы көшесі №20, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№202 Зейнолла Жарқынбаев атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Телефоны: 8(724 31) 21-0-71.
Комиссия төрағасы - Сапанов Орныккан Шертаевич, төрағаның орынбасары - Нургалиева Айкен Сайдахметовна, хатшысы - Рүстемова Айгерім Қыстаубайқызы.
Комиссия мүшелері - Ахметова Айнур Искаковна, Әдішова Гүлзира Төребекқызы, Елибаева Шолпан Амангельдиевна, Есназаров Мирамбек Аймағанбетович, Серікбаева Дина Тұрғанбайқызы, Узакбаева Злиха Муратовна.

Жалағаш ауданының №130 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Қазыбек би көшесі №40, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№31 мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Телефоны: 8(724 31) 32-5-74.
Комиссия төрағасы - Құрманалиева Анар Медерханқызы, төрағаның орынбасары- Сатова Куралай Кенесовна, хатшысы - Онгарбаева Мадина Орынбасаровна.
Комиссия мүшелері - Ешбанова Айна Тұрғанқызы, Сағындық Руслан Сағынбайұлы, Смаилов Рахимжан Маратович, Төлегенов Нұртас Төлегенұлы.

Жалағаш ауданының №131 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Мәрәлі Шәменов көшесі №124, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Телефоны:8(724 31) 32-3-17
Комиссия төрағасы - Ербол Ғабит Ерболұлы, төрағаның орынбасары - Сарсенов Алтынбек Балтабайұлы, хатшысы -Байтохаева Жадыра Сарсенказиевна.
Комиссия мүшелері - Жанқуанышев Мырзабек Қартқожаұлы, Мырзалиев Әлішер Ғабитұлы, Сағындықов Нұрбек Берікұлы, Ізен Назерке Маратқызы.

Жалағаш ауданының №132 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Абай көшесі №61, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "Шекер Ермағанбетова атындағы №246 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Телефоны: 8(724 31) 32-5-80,
Комиссия төрағасы - Айбусинова Айнур Шингисовна, төрағаның орынбасары- Дүйсенбай Жанар Базартайқызы, хатшысы -Прмағанбетова Манат Узакбаевна.
Комиссия мүшелері – Астанақұлова Гүлнәз Асқарқызы, Еділбайұлы Нұрбол, Төлеген Әйгерім Бахытжанқызы, Шуакбаев Сейлхан Науканбаевич.

Жалағаш ауданының №133 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: М.Шәменов ауылдық округі, М.Шәменов ауылы, Бұқарбай батыр көшесі №6, М.Шәменов ауылдық округі әкімі аппаратының "М.Шәменов ауылдық мәдениет Үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.
Телефоны: 8 (724 31) 37–6–06
Комиссия төрағасы - Жәрменов Жасұлан Асылбекұлы, төрағаның орынбасары- Ералиева Гулнар Байдосовна, хатшысы- Досжанов Ерболат Бақытжанұлы.
Комиссия мүшелері - Есетов Кенжебек Сарбасұлы,Сейтжанова Тамара Кожамуратовна.

Жалағаш ауданының №134 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Қаракеткен ауылдық округі, Қаракеткен ауылы, Абай Құнанбаев көшесі №26, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№114 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Телефоны: 8 (724 31) 37 – 4 – 01
Комиссия төрағасы - Наурызбаев Ерболат Сабырович, төрағаның орынбасары- Жанабаева Кулдарай Сарсенбаевна, хатшысы - Есқалиева Гүлзат Сағынтайқызы .
Комиссия мүшелері - Қаналиев Нұржан Мақсұтұлы,Тұрған Азамат Сәбитұлы.

Жалағаш ауданының №135 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Қаракеткен ауылдық округі, Далдабай ауылы, Далдабай Жалтынов көшесі №49, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№115 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Телефоны: 8 (724 31)40-4-03
Комисия төрағасы - Рыспанов Кудайберген Абенович, төрағаның орынбасары - Оразалиев ОрынтайДерипсалиевич, хатшысы - Нысанбай Индира Маратқызы.
Комиссия мүшелері - Амзеев Дархан Пазылович, Омаров Касымхан.

Жалағаш ауданының №136 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Таң ауылдық округі, Таң ауылы, Орынбай жырау көшесі №14, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№118 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Телефон: 8 (724 31) 37-1-45
Комиссия төрағасы - Әбдиев Нұрбек Мұратұлы,төрағаның орынбасары - Ізбасарұлы Арман, хатшысы- Жанибекова Жанат Амирбековна.
Комиссия мүшелері - Есжанов Жақсыбек Оразбекұлы, Садуова Жамиля Нурылдаевна.

Жалағаш ауданының №138 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Бұқарбай батыр ауылдық округі, Бұқарбай батыр ауылы, Бұқарбай батыр көшесі №21, Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімі аппаратының "Бұқарбай батыр ауылдық Мәдениет Үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.
Телефоны: 8 (72431)36-2-16
Комиссия төрағасы - Ибраев Дәурен Сәбитұлы, төрағаның орынбасары - Оразбек Мейірбек Оразбекұлы, хатшысы - Ешмаханова Ақмарал Танкаевна.
Комиссия мүшелері - Есқалиева Нұржайна Елеусінқызы, Жабагиев Абдысадык Абилкасимович, Жубанова Шарайна Избасаровна, Садықова Надежда Мергалиевна.

Жалағаш ауданының №139 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері - Ақсу ауылдық округі, Ақсу ауылы, Тұршабек Елеусінов көшесі №14, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№116 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Телефоны:8 (72431)22-0-25
Комиссия төрағасы - Орынбасарова Индира Нагашыбаевна, төрағаның орынбасары - Боранқұлова Жанар Оразбайқызы, хатшысы - Қалыбай Нұрбала Әбілкәрімқызы .
Комиссия мүшелері - Бектибаева Гульнур Бакытбековна, Темірхан Нұртуған Мұхамбетжанұлы, Шайхиева Айгул Тыныбековна, Этезова Сауле Абдуллахқызы.

Жалағаш ауданының №140 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері - Аққыр ауылдық округі, Аққыр ауылы, Нұрылда Таспенов көшесі №4, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№188 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Телефоны: 8 (724 31)41-3-63
Комиссия төрағасы - Мәліков Ержан Дәулетбекұлы, төрағаның орынбасары - Сисенова Шынаркуль Каипназаровна, хатшысы - Куттыбаева Майра Келдибековна.
Комиссия мүшелері - Қарабалаева Гүлжанат Сәбитқызы, Өтешова Инабат Сағындыққызы.

Жалағаш ауданының №141 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Жаңаталап ауылдық округі, Жаңаталап ауылы, Әбжәлел Қожабаев көшесі №21, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№119 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Телефоны: 8 (724 31)41-1-42
Комиссия төрағасы - Абжамилов Курманғазы Жагипарович, төрағаның орынбасары - Бегманова Алия Амантаевна, хатшысы- Әбілтаева Жазира Амантайқызы.
Комиссия мүшелері - Аптихалова Гульмира Жумагалиевна, Сарымбетова Майра Акзамовна.

Жалағаш ауданының № 142 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері - Мақпалкөл ауылдық округі, Темірбек Жүргенов ауылы, Мақсұт Нұрылдаев көшесі №38, Мақпалкөл ауылдық округі әкімі аппаратының "Темірбек Жүргенов ауылдық мәдениет Үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.
Телефоны: 8(724 31) 35-1-00
Комиссия төрағасы -Ембергенов Еркін Бухарбаевич, төрағаның орынбасары-Кызбалаев Молыбек Заркумович, хатшысы - Байниязов Галимбек Кантаевич.
Комиссия мүшелері – Исова Гүлнар Абатовна, Қалданова Күлпаш, ҚалдығұловМұхитДәуренұлы, Нурылдаев Улыкбек Махсутович.

Жалағаш ауданының №144 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері - Мәдениет ауылдық округі, Мәдениет ауылы, Қалдан батыр көшесі №11 "А", Мәдениет ауылдық округі әкімі аппаратының "Мәдениет ауылдық клубы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты. Телефоны: 8(724 31) 35-4-90
Комиссия төрағасы - Жұбатқанов Бағлан Сапабекұлы, төрағаның орынбасары - Тажмаханов Әнуарбек Раушанбекұлы, хатшысы- Жанибекова Гульжан Жетписбаевна.
Комиссия мүшелері - Байтақов Нұрсултан Молдашбекұлы, Дилдабекова Гулнар Маглумовна, Жанаева Гүлжанат Кенжебекқызы, Махмедов Ерхан Қойшығұлұлы.

Жалағаш ауданының №146 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері - Мырзабай ахун ауылдық округі, Мырзабай ахун ауылы, Әбділда Жүргенбаев көшесі №28, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№122 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Телефоны: 8(72431) 41-3-25
Комиссия төрағасы - Нұратаева Гаухар Турабаевна, төрағаның орынбасары - Қуаңбаева Гүлстан Орынбекқызы, хатшысы - Изтаева Тоти Султановна.
Комиссия мүшелері - Азирбекова Анар Асылтаевна, Жармаханов Аблахат Жолдасбайұлы.

Жалағаш ауданының №147 учаскелік референдумкомиссиясы

Орналасқан жері - Аққұм ауылдық округі, Аққұм ауылы, Бейбітшілік көшесі №7 "А", Аққұм ауылдық округі әкімі аппаратының "Аққұм ауылдық клубы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.
Телефоны: 8(724 31) 38-3-88
Комиссия төрағасы - Ибраев Абзал, төрағаның орынбасары - Кузеков Байгасыр Умиртаевич, хатшысы - Сарсенбаева Айдын Куанышбаевна.
Комиссия мүшелері - Әлібек Нұрлан Ермекбайұлы,Ембергенов Болатбек Кожантаевич, Коздыбаева Рая Турмахановна, Рысмаханова Гульдана Берикболовна.

Жалағаш ауданының №149 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері - Еңбек ауылдық округі, Еңбек ауылы, Төлеген Дәуітбаев көшесі №5, Еңбек ауылдық округі әкімі аппаратының "Аққошқар ауылдық мәдениет Үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.
Телефоны: 8(724 31) 33-1-17
Комиссия төрағасы - Бейсенбаев Руслан Асылбекұлы, төрағаның орынбасары - Жарылқасын Жомарт Талапұлы, хатшысы - Аукенова Маржан Айтмагамбетовна.
Комиссия мүшелері -Жылқайдар Ақерке Бексейтқызы,Көлбаева Алтынай Әділжанқызы, Қарабай Мақсат Төребекұлы, Маликова Шолпан Жарымбетовна.

Жалағаш ауданының №151 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері - Аламесек ауылдық округі, Есет батыр ауылы, Кенесбай Әбішов көшесі №26, Аламесек ауылдық округі әкімі аппаратының "Есет батыр ауылдық Мәдениет Үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.
Телефоны: 8(724 31) 34-3-21
Комиссия төрағасы – Айтимов Абдикайыр, төрағаның орынбасары – Калменова Райкуль Айтбаевна, хатшысы – Науханбаева Лаззат Абдуллаевна.
Комиссия мүшелері - Аманкелді Нұрбек Аманкелдіұлы, Әбдімәлікұлы Нариман, Ермаханов Нұрғазы Жақсылықұлы, Кенжебаева Ақерке Нұрсұлтанқызы.

Жалағаш ауданының №152 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері - Жаңадария ауылдық округі, Жаңадария ауылы, Достық көшесі №20, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№203 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Комиссия төрағасы - Жанашова Элеонора Ыбашовна, төрағаның орынбасары - Әйтімов Рамазан Әбдуәліұлы, хатшысы-Тасжарғанова Гүлжайна Мусабекқызы.
Комиссия мүшелері - Байжігітов Дархан Жалғасбекұлы, Пирназарова Бекзат Ганиевна, Пирманов Жанабек Зейнуллаевич, Хамитова Айжан Серікқызы.

Жалағаш ауданының №153 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері - Жалағаш кенті, Айымкүл Ізтелеуова көшесі №18, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Телефоны: 8(724 31) 32-5-86
Комиссия төрағасы - Мыханова Айнұр Санибековна, төрағаның орынбасары - Төралиев Ғафур Әскербекұлы, хатшысы - Омаров Берікбол Сәбитұлы.
Комиссия мүшелері - Буркитбаев Ермек Алпысбаевич, Жарасбаева Айгуль Керейтбаевна, Канатбаева Гульжамал Картанбаевна, Турсынбаева Мадина Бахытбековна.

Жалағаш ауданының №377 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері - Жалағаш кенті, Нефтебаза көшесі №1 "А", Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының полиция департаменті «Жалағаш ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесінің уақытша ұстау изоляторының ғимараты.
Комиссия төрағасы - Ермаханов Галымбек Кырбаевич, төрағаның орынбасары - Жанашев Ғалым Ерболұлы, хатшысы - Кулумбаев Ғани Нурханович.
Комисся мүшелері – Ахылов Нұрғиса Сұлтанбекұлы, Әбілқасымов Олжас Әбтықалықұлы.

Жалағаш ауданының №378 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері - Жалағаш кенті, Нығымет Мырзалиев көшесі №73, Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Жалағаш аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ғимараты.
Телефоны: 8(724 31) 21-6-53
Комиссия төрағасы - Құттымбетова Эльмира Мергенбайқызы, төрағаның орынбасары - Маханбетова Аманкуль Утегеновна, хатшысы - Төбетбаева Әсел Шоманқызы.
Комиссия мүшелері - Баймаханова Ирина Умирзаковна, Маделханова Гульмира Онайбековна.

Аумақтық және учаскелік референдум комиссияларының жұмыс уақыты: 09.00-13.00, 13.00-15.00-түскі үзіліс, 15.00-19.00

Жалағаш ауданының аумақтық референдум комиссиясы

2024 жылғы 6 қазанға тағайындалған республикалық референдум учаскелерінің шекаралары туралы хабар

№128 учаске
Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №7, "Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Қонысбек Қазантаев атындағы Мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.
Шекарасы: Абай көшесінің тақ жағындағы №1-59, жұп жағындағы №2-58 үйлер;
Әйтеке би көшесінің тақ жағындағы №13-55, жұп жағындағы №12-44 үйлер;
Аманкелді Иманов көшесінің тақ жағындағы №1-13, жұп жағындағы №2-26 үйлер;
Бұқарбай Естекбайұлы көшесінің тақ жағындағы №1-105, жұп жағындағы №2-124 үйлер;
Желтоқсан көшесінің тақ жағындағы №1-23, жұп жағындағы №2-34 үйлер;
Қазыбек би көшесінің тақ жағындағы №1-77, жұп жағындағы №2-56 үйлер;
Нысанбай жырау көшесінің тақ жағындағы №49-93, жұп жағындағы №46-96 үйлер;
Темірбек Жүргенов көшесінің тақ жағындағы №39-75, жұп жағындағы №50-102 үйлер;
Төле би көшесінің тақ жағындағы №1-13, жұп жағындағы №2-26 үйлер;
Төлеубай Үркімбаев көшесіндегі үйлер;
Жамбыл Жабаев көшесіндегі үйлер;
Сәрке батыр көшесінің тақ жағындағы №1-5, жұп жағындағы №2-18 үйлер;
ДӘУ көшесіндегі үйлер;
Қали Нұрпейсов көшесіндегі үйлер;
Мұбарак Тәйтіков көшесіндегі үйлер.

№129 учаске
Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Жеңістің 50 жылдығы көшесі №20, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№202 Зейнолла Жарқынбаев атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Шекарасы: Амандық Бектібаев көшесіндегі үйлер;
Әлия Молдағұлова көшесіндегі үйлер;
Айтбай Қазбеков көшесіндегі үйлер;
Ақназар Бектасов көшесіндегі үйлер;
Алиулла Байсопақов көшесіндегі үйлер;
Ғани Мұратбаев көшесіндегі үйлер;
Дәуімбай көшесіндегі үйлер;
Ердәулет Құрманбаев көшесіндегі үйлер;
Ілияс Нүркенов көшесіндегі үйлер;
Жаңа көшесіндегі үйлер;
Жеңістің 50 жылдығы көшесіндегі үйлер;
Зияда Ижанов көшесіндегі үйлер;
Конституция көшесіндегі үйлер;
Қаныш Сәтпаев көшесіндегі үйлер;
Келменбет батыр көшесіндегі үйлер;
Мәншүк Мәметова көшесіндегі үйлер;
Мысық би көшесіндегі үйлер;
Нәзтай Сермаханова көшесіндегі үйлер;
Несіпбай Әпрезов көшесіндегі үйлер;
Иван Панфилов көшесіндегі үйлер;
Сәкен Сейфуллин көшесіндегі үйлер;
Тілек Әбжалиев көшесіндегі үйлер;
Шоқан Уәлиханов көшесіндегі үйлер;
Ыбырай Алтынсарин көшесіндегі үйлер;
Ақпан батыртүйық көшесіндегі үйлер.

№130 учаске
Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Қазыбек би көшесі №40, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№31 мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Шекарасы: Абдулла Нұрғалиев көшесіндегі үйлер;
Аяған Боханов көшесіндегі үйлер;
Дауылбай Байниязов көшесіндегі үйлер;
Досбол Қуанбаев көшесіндегі үйлер;
Махметхан Әбішев көшесіндегі үйлер;
Орынбай Сарманов көшесіндегі үйлер;
Әмірзақ Тұңғышбаев көшесіндегі үйлер;
Пірман Жылкелдиев көшесіндегі үйлер;
Сауда Орманов көшесіндегі үйлер;
Нефтебаза көшесіндегі үйлер;
ПМК-9 көшесіндегі үйлер.

№131 учаске
Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Мәрәлі Шәменов көшесі №124, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "аль-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Шекарасы: Айымкүл Ізтелеуова көшесінің тақ жағындағы №55-95, жұп жағындағы №52-106 үйлер;
Алдаберген Бисенов көшесінің тақ жағындағы №13-39, жұп жағындағы №18-20 үйлер;
Әбшекен Әбжаппаров көшесіндегі үйлер;
Байбол Соппеков көшесінің тақ жағындағы №5-11, жұп жағындағы №8-12 үйлер;
Ілияс Қабылов көшесіндегі үйлер;
Кенжебай Рахимов көшесіндегі үйлер;
Мәрәлі Шәменов көшесінің тақ жағындағы №95-179, жұп жағындағы №94-170 үйлер;
Нұрылда Әлмағанбетов көшесінің тақ жағындағы №15-21, жұп жағындағы №2-10 үйлер;
Нығмет Мырзалиев көшесінің тақ жағындағы №57-85 үйлер, жұп жағындағы №46-114 үйлер;
Нысанбай жырау көшесінің тақ жағындағы №95-175, жұп жағындағы №98-186 үйлер;
Әмірбай шешен көшесінің тақ жағындағы №25-45, жұп жағындағы №20-30 үйлер;
Сақыбай Қалыбаев көшесінің тақ жағындағы №9-87, жұп жағындағы №2-82 үйлер;
Сейтнәби Мұқашев түйық көшесіндегі үйлер;
Сырмағамбет Отарбаев көшесінің тақ жағындағы №31-35, жұп жағындағы №48-50 үйлер;
Темірбек Жүргенов көшесінің тақ жағындағы №77-173, жұп жағындағы №104-190 үйлер;
Тоғанас батыр көшесінің тақ жағындағы №27-53, жұп жағындағы №16-38 үйлер.

№132 учаске
Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Абай көшесі №61, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "Шекер Ермағанбетова атындағы №246 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Шекарасы: Абай көшесінің тақ жағындағы №61-115, жұп жағындағы №60-152 үйлер;
Айтбай Күзенбаев көшесіндегі үйлер;
Алдаберген Бисенов көшесінің тақ жағындағы №1-11, жұп жағындағы №2-16 үйлер;
Ахмет Тілеулиев түйық көшесіндегі үйлер;
Әйтеке би көшесінің тақ жағындағы №57-159, жұп жағындағы №46-146 үйлер;
Байбол Соппеков көшесінің тақ жағындағы №1-3, жұп жағындағы №2-6 үйлер;
Болат Алтынбаев көшесіндегі үйлер;
Бұқарбай Естекбайұлы көшесінің тақ жағындағы №107-203, жұп жағындағы №126-240 үйлер;
Зордан Салықбаев түйық көшесіндегі үйлер;
Қазыбек би көшесінің тақ жағындағы №79-89/2, жұп жағындағы №58-62 үйлер;
Нұрылда Әлмағанбетов көшесінің тақ жағындағы №1-13 үйлер;
Әмірбай шешен көшесінің тақ жағындағы №1-23 үйлер, жұп жағындағы №2-18 үйлер;
Тоғанас батыр көшесінің тақ жағындағы №1-25, жұп жағындағы №2-14 үйлер;
Төле би көшесінің тақ жағындағы №15-85, жұп жағындағы №28-96 үйлер;
Төлеген Қыстаубаев көшесінің тақ жағындағы №1-23, жұп жағындағы №2-22 үйлер.

№133 учаске
Орналасқан жері: М.Шәменов ауылдық округі, М.Шәменов ауылы, Бұқарбай батыр көшесі №6, "М.Шәменов ауылдық округі әкімі аппаратының "М.Шәменов ауылдық мәдениет Үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.
Шекарасы: М.Шәменов ауылы, №5 "Қараиірім" разъезі.

№134 учаске
Орналасқан жері: Қаракеткен ауылдық округі, Қаракеткен ауылы, Абай Құнанбаев көшесі №26, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№114 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Шекарасы: Қаракеткен ауылы, Ақшал елді мекені.

№135 учаске
Орналасқан жері: Қаракеткен ауылдық округі, Далдабай ауылы, Далдабай Жалтынов көшесі №49, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№115 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Шекарасы: Далдабай ауылы.

№136 учаске
Орналасқан жері: Таң ауылдық округі, Таң ауылы, Орынбай жырау көшесі №14, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№118 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Шекарасы: Таң ауылы, Жаңақоныс елді мекені.

№138 учаске
Орналасқан жері: Бұқарбай батыр ауылдық округі, Бұқарбай батыр ауылы, Бұқарбай батыр көшесі №21, "Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімі аппаратының "Бұқарбай батыр ауылдық мәдениет Үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.
Шекарасы: Бұқарбай батыр ауылы.

№139 учаске
Орналасқан жері: Ақсу ауылдық округі, Ақсу ауылы, Тұршабек Елеусінов көшесі №14, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№116 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Шекарасы: Ақсу ауылы, Қорғанша, Бостай, Ахметбаза елді мекендері.

№140 учаске
Орналасқан жері: Аққыр ауылдық округі, Аққыр ауылы, Нұрылда Таспенов көшесі №4, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№188 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Шекарасы: Аққыр ауылы.

№141 учаске
Орналасқан жері: Жаңаталап ауылдық округі, Жаңаталап ауылы, Әбжәлел Қожабаев көшесі №21, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№119 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Шекарасы: Жаңаталап ауылы.

№142 учаске
Орналасқан жері: Мақпалкөл ауылдық округі, Темірбек Жүргенов ауылы, Мақсұт Нұрылдаев көшесі №38, "Мақпалкөл ауылдық округі әкімі аппаратының "Темірбек Жүргенов ауылдық мәдениет Үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.
Шекарасы: Темірбек Жүргенов ауылы.

№144 учаске
Орналасқан жері: Мәдениет ауылдық округі, Мәдениет ауылы, Қалдан батыр көшесі №11 "А", "Мәдениет ауылдық округі әкімі аппаратының "Мәдениет ауылдық клубы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.
Шекарасы: Мәдениет ауылы.

№146 учаске
Орналасқан жері: Мырзабай ахун ауылдық округі, Мырзабай ахун ауылы, Әбділда Жүргенбаев көшесі №28, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№122 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Шекарасы: Мырзабай ахун ауылы.

№147 учаске
Орналасқан жері: Аққұм ауылдық округі, Аққұм ауылы, Бейбітшілік көшесі №7 "А", "Аққұм ауылдық округі әкімі аппаратының "Аққұм ауылдық клубы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.
Шекарасы: Аққұм ауылы.

№149 учаске

Орналасқан жері: Еңбек ауылдық округі, Еңбек ауылы, Төлеген Дәуітбаев көшесі №5, "Еңбек ауылдық округі әкімі аппаратының "Аққошқар ауылдық мәдениет Үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.
Шекарасы: Еңбек ауылы.

№151 учаске

Орналасқан жері: Аламесек ауылдық округі, Есет батыр ауылы, Кенесбай Әбішов көшесі №26, "Аламесек ауылдық округі әкімі аппаратының "Есет батыр ауылдық мәдениет Үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.
Шекарасы: Есет батыр ауылы.

№152 учаске
Орналасқан жері: Жаңадария ауылдық округі, Жаңадария ауылы, Достық көшесі №20, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№203 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Шекарасы: Жаңадария ауылы.

№153 учаске
Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Айымкүл Ізтелеуова көшесі №18, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Шекарасы: Аманкелді Иманов көшесінің тақ жағындағы №15-61 үйлер, жұп жағындағы №28-70 үйлер;
Айымкүл Ізтелеуова көшесінің тақ жағындағы №1-53, жұп жағындағы №2-50 үйлер;
Желтоқсан көшесінің тақ жағындағы №25-33 үйлер, жұп жағындағы №36-52 үйлер;
Мәрәлі Шәменов көшесінің тақ жағындағы №1-93 үйлер, жұп жағындағы №2-92 үйлер;
Нығымет Мырзалиев көшесінің тақ жағындағы №1-55, жұп жағындағы №2-44 үйлер;
Сақыбай Қалыбаев көшесінің тақ жағындағы №1-7 үйлер;
Сәрке батыр көшесінің тақ жағындағы №7-43, жұп жағындағы №20-50 үйлер;
Сырмағамбет Отарбаев көшесінің тақ жағындағы №1-29, жұп жағындағы №2-46 үйлер;
Төлеген Қыстаубаев көшесінің тақ жағындағы №25-45, жұп жағындағы №24-36 үйлер;
Әйтеке би көшесінің тақ жағындағы №1-11, жұп жағындағы №2-10 үйлер;
Мәдібай Байтереев көшесіндегі үйлер;
Нысанбай жырау көшесінің тақ жағындағы №1-47, жұп жағындағы №2-44 үйлер;
Темірбек Жүргенов көшесінің тақ жағындағы №1-37, жұп жағындағы №2-48 үйлер;
Ұлмекен Төлегенова түйық көшесіндегі үйлер;
Шоңбай ақын көшесіндегі үйлер.

№377 учаске
Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Нефтебаза көшесі №1 "А", "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының полиция департаменті Жалағаш ауданының полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесінің уақытша ұстау изоляторының ғимараты.
Шекарасы: Уақытша ұстау изоляторы.

№378 учаске
Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Нығымет Мырзалиев көшесі №73, "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Жалағаш аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ғимараты.
Шекарасы: Аудандық аурухана.

Аудан дамуы қарқынды

Жергілікті тұрғындардың өзінөзі әлеуметтік маңызы бар көкөніс, бақша өнімдерімен қамтуы үшін ауданда 500 гектар егістік жер дайындалып, 610 отбасына үлестірілді. Шыны керек, бұл – ауданда соңғы жылдары дәстүрге айналған жұмыс. Олай болуы да заңдылық, себебі бүгінде бұған қатысты аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасының жергілікті жұрт жемісін көріп отыр. Бі жағынан бұл жоба бақша дақылдары бағасының қымбаттамауына да сеп болып отыр. Биыл ашылған жерге тұрғындар 235 га картоп, 73 га көкөніс, 192 га бақша дақылдарын екті. Сонымен қатар Мақпалкөл ауылдық округіндегі «Ер-Әлі» шаруа қожалығы 6 га картоп, 2 га басқа да бақша дақылдарын, 2 га көкөніс орналастырды.

1066 жұмыс орны ашылған

Биыл халықты жұмыспен қамтудың жол картасы аясында ауданда 3044 жұмыс орнын ашу көзделген. Оның 576-сы – тұрақты, 1355-і – уақытша жұмыс орны. Алғашқы алты айда 1066 жұмыс орны ашылған. Оның 342-сі – тұрақты, 724-і – субсидияланатын жұмыс орны.

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Қанат Бөлембаевтың айтуынша, тиісті меже 35 пайызға орындалған. Жыл басынан бері белсенді шараларға 724 адам тартылған. Сондай-ақ 255 тұрақты бос жұмыс орны құрылған. Жаңа жұмыс орындарының ашылуына келсек, биыл 1931 жаңа жұмыс орны ашылуы тиіс еді. Шілде айына дейін 811 жаңа жұмыс орны ашылған. Оның 87-сі – тұрақты, 724-і – уақытша субсидияланатын жұмыс орны.

Қанат Бөлембаев Ұлттық жобалар аясында 17 жобаға 206 адам бекітілгенін айтады. Қазіргі таңда 8 жоба бойынша 130 адам жұмыспен қамтылған. Тарқатып айтсақ, ауданда ағаш отырғызу арқылы орманмен жабылған аумақты ұлғайтуға 32, Ақсу ауылындағы газ құбыры және газ тарату желілерінің құрылысына 4, Мөрәлі Шәменов ауылындағы газ құбыры және газ тарату желілерінің құрылысына 4, Жалағаш кенті мен Есет батыр ауылындағы Т.Бисембаева, Бөлебай би, Өмірбай шешен, Жаңажарма, Сарман батыр көшелерінің күрделі жөндеу жұмыстарына 10, жастарды еңбек ұжымдарына тартуға 68 адам жұмылдырылған. Мұнан бөлек Есет батыр мен Темірбек Жүргенов ауылындағы тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын салуға 7, Аққұм ауылындағы 10 көшенің күрделі жөндеу жұмыстарына 5 адам тартылған.

– Алдағы уақытта қалған 9 жоба бойынша, яғни Мырзабай ахун ауылындағы тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын салу, Бұқарбай батыр, Таң, М.Шәменов, Аққұм ауылдарының және кіреберіс көшелеріне күрделі және жәй жөндеу жұмыстары, Аққұм ауылында сүт өңдеу фермасы, Жалағаш кентінде күріш ақтау мен жем өндіру цехы және «Руханият» орталығы мен 300 орындық мектеп құрылысы бойынша 76 адам жұмыспен қамтылады, – деді Қ.Бөленбаев.

Аудандық қоғамдық даму бөлімінің сектор меңгерушісі Нұрлан Бектібаевтың айтуынша, отбасы мен қоғамда мәдени және гендерлік қатынастарды қалыптастыру бағытында бірқатар шара атқарылған. Аудан бойынша жалпы халық санының 48 пайызын әйелдер құрайды. Жалағашта 1375 көпбалалы отбасы бар. Оның ішінде 303-і – «Алтын алқа», 632-і – «Күміс алқа» иегері. 52-сі I және II дәрежелі «Ана Даңқы» орденімен марапатталса, 46 Батыр анамыз бар.

Білім беру саласында 1001, денсаулық сақтау саласында 672, кәсіп керлік саласында 1873, мемлекеттік қызметте 31 нәзікжанды еңбек етуде. Қай салада да белсенді қызмет атқаратын әйел азаматтарымыздың 3-еуі – депутат, 22-сі – ауданның құрметті азаматы.

Үкіметтік емес ұйымдармен отбасы мәртебесін нығайтуға, отбасылық тәрбие рөлін көтеруге бағытталған іс-шараларды өткізу жөніндегі жұмыстар жүргізіліп келеді. Мәселен, 2016 жылдан бастап ауданда «Жалағаш аудандық әйелдер кеңесі» қоғамдық бірлестігі құрылып, аудандық қоғамдық даму бөлімі арқылы әлеуметтік тапсырыс негізінде отбасылық құндылықтарды насихаттау, гендерлік саясатты жүзеге асыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Әлеуметтік жоба бойынша 12 іс-шара ұйымдастыру көзделсе, жыл басынан бері 10 шара ұйымдастырылған. Сонымен қатар Аналар кеңесімен де жыл басынан бері 30 шара өткізіліп, 5 мыңға жуық аудан тұрғыны қамтылған.

Сессия отырысында Жалағаш ауданында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифтеріне келісім беру туралы мәселе қаралды.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

БАСЫ 1-БЕТТЕ

Ауыл – қазақтың күретамыры

Ауылды дамыту жолында қызмет ету – әр азаматтың перзенттік парызы. Мен Тәуелсіз Қазақстанның азаматы ретінде ауылымыздың әлеуметтік-экономикалық өркендеуі жолында халықтың мүддесін бәрінен жоғары қоямын. 2020 жылдан бастап Таң ауылы әкімі қызметін абыроймен атқарып келемін. Сіздердің қолдауларыңызбен алға қойған міндеттерді жүзеге асыру арқылы халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын, мәдениетін дамытып, халық бірлігін нығайтамын.

Ауыл тұрғындарымен қашанда бірге болып, сенімді ақтау жолында аянбай еңбек ету үшін өз міндеттерімді алға қоямын. Халыққа адал қызмет көрсету азаматтық борышым деп білемін.

2026 жылға дейін ауылдағы сапасы сын көтермейтін ішкі жолдарды жөндеуге атсалысамын. 2025-2026 жылдары жарықтандыру мәселесін шешіп, 7 көшеге жарықтандыру жүргізілетін болады. Сонымен қатар Жаңақоныс елді мекеніндегі 2 көшенің жарықтандыру жұмыстары шешімін табады. 2026 жылы ауыл тұрғындары газға қосылады.

Ауыл тұрғындарына кешкі уақытта демалатын демалыс орындар мен ойын алаңдарын салуға, салауатты өмір салтын қалыптастырудағы дене шынықтыру және сауықтыру кешенінің құрылысын аяқтауға ықпал жасаймын. Мұнан бөлек шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде оқытуға, несие, грант алуға жәрдемдесемін.

Өңдеу өнеркәсібі бағытындағы жобаларды іске қосуға атсалысып (наубайхана, ұн, май шығару), ауыл тұрғындарымен бірлесе отырып, жылыжай кешендерін ашуға және тұрғындардың пайдалануына қолғабыс етемін.

Ауыл тазалығы – халық айнасы. Ауылдық округті жасыл желекке айналдыру мақсатында абаттандыру жұмыстары жүргізіліп келеді. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын тауып, атқарылатын жұмыстардың сапасы ұдайы бақылауымда болады.

Бюджеттік салық түсімдерін қамтамасыз ету, тұрғындарға салық төлеу мәдениетін қалыптастыру және жаңа жұмыс орындарының ашылуына жұмыс жасаймын.

Жастарды қолдау да күн тәртібінен түспейді. Жастарды кәсіпке баулу мақсатында мемлекеттік бағдарламалармен грант, төмен пайызбен несие алып, кәсібін бастауға ықпал етемін.

Ауылдағы қоғамдық-саяси ахуалды тұрақты ұстауға, оның ішінде санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды да басты назарда ұстауға жұмыс жасаймын. Мұның барлығын жүзеге асыруда сіздердің қолдауларыңыз қажет.

Кайрат Сейдахметов,
Таң ауылдық округі әкіміне үміткер
Қаржысы облыстық бюджеттің қаражатынан төленді

2024 жылғы 6 қазанға тағайындалған республикалық референдум бойынша сайлаушылармен кездесу орындары

№	Мекен-жайы	Кездесу өткізілетін орны
1	Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №7	«Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет Үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының көрермендер залы
2	Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №11	«Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Руханият орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның көрермендер залы
3	Ақсу ауылы, Т.Елеусінов №25	«Ақсу ауылдық округі әкімі аппаратының Ақсу ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның көрермендер залы
4	М.Шаменова ауылы, Бұқарбай батыр №6	«М.Шәменов атындағы ауылдық округі әкімі аппаратының М.Шәменов ауылдық мәдениет Үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның көрермендер залы
5	Қаракеткен ауылы, Игілік көшесі №8	«Қаракеткен ауылдық округі әкімі аппаратының Қаракеткен ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның көрермендер залы
6	Далдабай ауылы, Д.Жалтынов көшесі №22	«Қаракеткен ауылдық округі әкімі аппаратының Далдабай ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның көрермендер залы
7	Бұқарбай батыр ауылы, Бұқарбай батыр көшесі №21	«Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімі аппаратының Бұқарбай батыр ауылдық мәдениет Үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның көрермендер залы
8	Аққұм, Бейбітшілік көшесі №6	«Аққұм ауылдық округі әкімі аппаратының Аққұм ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның көрермендер залы
9	Таң, Орынбай жырау көшесі №14	«Жалағаш аудандық білім бөлімінің №118 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мәжіліс залы
10	Еңбек, Т.Дәуітбаев көшесі №5	«Еңбек ауылдық округі әкімі аппаратының Аққошқар ауылдық мәдениет Үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның көрермендер залы
11	Есет батыр ауылы, К.Әбішев көшесі №26	«Аламесек ауылдық округі әкімі аппаратының Есет батыр ауылдық мәдениет Үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның көрермендер залы
12	Жанадария ауылы, Достық көшесі №20	«Жалағаш аудандық білім бөлімінің №203 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мәжіліс залы
13	Мырзабай ахун ауылы, А.Жүргенбаев көшесі №28	«Жалағаш аудандық білім бөлімінің №122 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мәжіліс залы
14	Мәдениет ауылы, Қалдан батыр көшесі №11А	«Мәдениет ауылдық округі әкімі аппаратының Мәдениет ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның көрермендер залы
15	Т.Жүргенов ауылы, М.Нұрылдаев көшесі №38	«Мақпалкөл ауылдық округі әкімі аппаратының Темірбек Жүргенов ауылдық мәдениет Үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның көрермендер залы
16	Жаңаталап ауылы, А.Қожабаев көшесі №21	«Жаңаталап ауылдық округі әкімі аппаратының Жаңаталап ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынныңкөрермендер залы
17	Аққыр ауылы, Н.Таспенов көшесі №4	«Жалағаш аудандық білім бөлімінің №188 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мәжіліс залы

Ауыл халқының әлеуетін арттыру маңызды

Мемлекеттік қызметте ел еңсесін тіктеуде ерен еңбек еткен аға буынның ақыл-кеңесін алып, азды-көпті тәжірибе жинадым. Саяси науқанға қатысуыма Тәжірибемді тұтастай бір ауылдың болашағына жұмсасам деген ой сеп болды.

Бұл саяси науқан маған үлкен жауапкершілік жүктейді. Өйткені тұтастай бір елді мекен халқының сеніміне жұмыс жасау оңай емес. Яғни бір өңірдің алдағы 4 жылдағы болашағы менің қарым-қабілетіме, іс жүргізуіме тікелей байланысты. Ал бұл уақыт ауылдың екінші тынысын ашуға толықтай жетеді.

Соңғы жылдары Таң ауылы ерекше қарқынмен дамып жатқаны елдің көз алдында. Елді мекенде Еңбек Ері Имамзада Шағыртаевтың бастамасымен қаншама жоба қолға алынды. Қазіргі таңда оның барлығы жергілікті халықтың қажетіне жарап тұр. Биылғы жылдың еншісінде де жарқын жобалар жоқ емес. Осы ретте менде өзімнің 4 жылдық сайлауалды бағдарламамды ұсынып отырмын.

Елдің әлеуетін арттыру бәрінен де маңызды. Бұл ретте бірінші кезекте экономикада тұрақты өсім қалыптастыру керек. Ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту жолында салық базасын ұлғайтуға басымдық беремін. Себебі бірінші кезекте кіріс көзін еселеу керек.

Қоршаған ортаның тазалығын қамтамасыз ету – баршамызға ортақ міндет. Себебі өзіміз тұратын елді мекеннің тазалығы баршамызды толғандыруы тиіс. Сондықтан ауылда көркейту-көгалдандыру, абаттандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын өз деңгейінде жүргіземін. Әрине, бұл ретте елдің ынтымағы бәрінен маңызды.

Таңда түрлі жарқын жобалардың жүзеге асуы жергілікті тұрғындардың тұрмыс сапасына да оң әсерін тигізуде. Ауыл тынымсыз тірлік жасалып жатқан елді мекендердің бірі. Әсіресе ауылды көркейту, дамыту жолында жыл сайын жүйелі жұмыстар атқарылуда. Ал әлеуметтің әлеуетін көтеру мақсатындағы жұмыстардың бірі – кәсіпкерлерге қолдау көрсету екені белгілі. Кәсіп ашып, оны дамытамын деушілерге қашанда көмек қолын созу, қайтарымсыз грантқа ие болуға және төмен пайызбен несие алу жұмыстарына да жәрдем беремін. Себебі, ауыл тұрғындарын мемлекеттік, салалық бағдарламаларға қатыстыру арқылы кәсіпкерлікке бейімдеудің маңызы жоғары деп есептеймін. Бұл салада серпін қалыптасса, бірінші кезекте өңірдің кірісі еселенеді, елді мекенде жұмыссыздық мәселесін болдырмауға мүмкіндік туады, жергілікті халықтың екі қолға бір күрек табуына жағдай жасалып, бос жаңа жұмыс орындары ашылады.

Қазір ауыл, қала деп бөліп-жаратын уақыт емес. Себебі қазір ауылдық елді мекендерде де инфрақұрылымды дамытуға мемлекет барлық жағдайды жасап жатыр. Осы ретте ауыл көшелерін асфальттау, жарықтандыру жұмыстарын қолға алу керек деп есептеймін және оны осы жылдан бастап кету керек. Ауылды абаттандыру жолында жүзеге асқан әрбір жобада атпал азаматтың қолтаңбасы бар.

Ауыл тұрғындары арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында бұқаралық спортты дамытудың маңызы жоғары. Бұл жергілікті халықтың денсаулығының жақсаруына мүмкіндік береді. Сондықтан ауылда спорттық нысандар салудың да маңызы жоғары деп есептеймін.

Учаскелік полиция инспекторы мен ақсақалдар алқасы мүшелерімен бірлесе отырып, ауылда қоғамдық тәртіптің сақталуы бағытында жұмыс жасау керек. Жергілікті қоғамдастық өкілдерімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасау да негізгі міндетім деп білемін. Бұл өз кезегінде ауылда бұзақылық қылмыстардың орын алуына жол бермей, елді мекенде түрлі қылмыстардың алдын алуға мүмкіндік береді деп есептеймін. Ел қолдаса, халықтың ертеңіне жұмыс жасауға әзірмін. Сондықтан алдағы сайлауда маған дауыс беруге шақырамын.

Дәурен Ибраев,
Таң ауылдық округі әкіміне үміткер
Қаржысы облыстық бюджеттің қаражатынан төленді

Салық базасын ұлғайту – маңызды міндет

Сондай-ақ 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту ұлттық жобасы шеңберінде 144 тұлға 198,7 млн теңге қайтарымсыз грант алған. Оның ішінде 55-і салық есептілігін тапсырмаған, кәсіпкерлердің 10-ы ғана 310,5 мың теңге түсім түсірген.

Мұнан бөлек субсидия алған 23 шаруа қожалықтың 5-еуі салық есептілік нысанын мүлде тапсырмаған, 18-і «нөлдік» есептілік тапсырған. Қаракеткен ауылдық округінен бар болғаны 13,1 мың теңге түсім түскен. Қалған ауылдық округтерден мүлде түсім түспеген. Осы ретте Ардақ Әбдіғаппарұлы нәтижелі жұмыс көрсетпеген тиісті бөлім басшылары мен ауыл әкімдерін қатаң сынға алып, тәртіптік жауапкершілігін қарайтынын жеткізді.

Аудандағы 183 шаруашылық құрылымына 2024 жылы 28 тамызға дейін су жеткізіп беру қызметіне 711,2 млн теңге қаржы есептелген. Бүгінде 322,1 млн теңге төленсе, берешектері 389,1 млн теңгені құрайды. Осы ретте жауапты бөлім басшысы мен ауыл әкімдеріне шаруашылықтарға су жеткізіп беру қызметіне қарыздарын төлету бойынша жұмыс жасау тапсырылды.

Мұнан бөлек мәжіліс отырысында аудан басшысы кент және ауылдық округ әкімдеріне жеке тұрғын үй қоры мен кәсіпкерлік нысандарын бағалатып, тіркеуден дер кезінде өткізіп, салық түсімін дұрыс жоспарлауды тапсырды. Сондай-ақ мүлік салығының есебі уақытылы жаңартылмағандықтан, 2 аптада жеке тұлғалардан алынатын мүлік салықтарының есебіне нақтылау жұмыстарын жүргізу міндеттелді.

– Біз бірінші кезекте сапаға жұмыс жасауымыз керек, онсыз ештеңе де болмайды. Сондықтан кірісті еселеуде қандай мәселелер бар, соның барлығының шешіміне жұмыс жасауымыз керек. Елдің әлеуметтік жағдайы да бәрінен маңызды. Сондықтан елді мекендерде жұмыссыздық мәселесіне жол бермеу керек, – деді А.Әбдіғаппарұлы.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

БАСЫ 1-БЕТТЕ

Ауылды дамыту – маңызды міндет

Ауылдың дамуына жағдай жасау – мемлекеттік саясаттың аса маңызды стратегиялық мақсаттарының бірі. ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жақсарту, ауылдардың инфрақұрылымын дамыту да күн тәртібінен түспейді.

Соңғы екі-үш жылда ауданға қарасты елді мекендерде жүйелі жұмыстар атқарылып, жарқын жобалар жүзеге асуда. Тындырымды тірлігі көп ауылдардың бірі – Таң. Мен алдағы саяси науқанға қатысу арқылы ауыл тұрғындарымен бірлесе жұмыс жасай отырып, ауылдың өсіп-өркендеуіне үлес қоссам деймін. Ең алдымен мемлекеттік саясатты жүйелі жүзеге асырып, ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеріп, әрбір отбасының талаптілегіне көңіл бөліп, пікірімен санасып, өтінішіңіңоң шешіміне жұмыс жасаймын. Сондай-ақ ауылда білім, денсаулық сақтау секілді бірқатар саланың серпін алуына бар мүмкіндікті жасай отырып, мәдениет пен спорттың, ауыл шаруашылығының дамуына жағдай жасауға ықпал етемін.

Ауылдың әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларының, көпбалалы аналардың мәселесін де назардан тыс қалдырмай, олардың шешімін табуына жұмыс жасап, ауыл жастарының бос уақытын тиімді пайдалану үшін мәдениқоғамдық жұмыстармен, спортпен шұғылдануына ықпал жасап, жұмыссыз азаматтарды жұмысқа тартамын.

Жастар тәрбиесін де назардан тыс қалдырмай, қоғамдық тәртіптің сақталуын, ауылдағы көше тазалығына мән беру, күл-қоқыстарды тиісті орындарға шығару, санитарлық-тазалық нормаларын сақтауды ұйымдастырамын.

Таң ауылында учаскелік полиция қызметкері мен ақсақалдар алқасы және көше комитеті төрағаларымен бірлесе отырып, қоғамдық тәртіптің сақталуына жауапкершіліктен қараймын.

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы шеңберінде өңірге жас әрі білікті мамандарды тарта отырып, олардың тұрақты жұмысқа орналасуына жұмыс жасаймын.

Кәсіпкерлік саласында серпін қалыптастыруда ауыл тұрғындарының мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде шағын несиелерге қол жеткізу арқылы іс бастауына көмектесемін.

Елді мекенде жүргізіліп жатқан саяси, мәдени-әлеуметтік шараларды кеңінен насихаттау, ауыл халқымен бірлесе отырып, өзекті мәселелерді шешу бағытында тиісті жұмыстарды өз деңгейінде жүргізуді міндетім деп білемін.

Ауылда ауыз суға, аяқсуға халықтың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, бұл бағытта бірқатар мәселенің шешімін табуына жұмыс жасаймын.

Мақсат айқын, бірақ оның жүзеге асуы үшін бірінші кезекте сайлаушылардың қолдауы, халықтың бірлігі қажет.

Айдар Сакиев,
Таң ауылдық округі әкіміне үміткер
Қаржысы облыстық бюджеттің қаражатынан төленді

Байқау

Жасыл көше, жайлы мекен

Адамзат алдында тұрған күрделі міндеттің бірі – табиғатты қорғау. Қазіргі кезде елімізде айналамыздағы ортаны қорғау мен табиғатты тиімді пайдалану мәселесіне ерекше көңіл бөлініп отыр. Өйткені адам өмірі табиғатқа тәуелді. Ал табиғатты сүю – Отаныңа қамқор болу деген сөз.

Осы мақсатта ауданымызда сенбіліктен бөлек жергілікті билік пен тұрғындар тарапынан түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда. Соның бірі «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында «Жасыл көше – 2024» байқауы өткен болатын. Апта басында аудан әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетовтың төрағалығымен «Жасыл көше – 2024» байқауының қорытындысы бойынша үздік көшенің жеңімпаздары марапатталды.

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы жалпы көше тұрғындары мен жастар, кәсіпкерлер арасында кең қолдау тауып, науқанға барынша үлес қосу және туған өлкені көркейтуге алдандыру мақсатында кент және ауылдық округ тұрғындары, ардагерлер, еріктілер мен белсенді жастар жоспарланған әрбір шара мен акцияға белсенді қатысуда» деген аудан әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов туған жердің көркеюіне, гүлденуіне үлес қосу әрбіріміздің азаматтық парызымыз екенін атап өтті.

Науқан аясындағы байқауға кент және ауылдық округтерден 11 көше қатысқан. Арнайы құрылған комиссияның шешімімен қатысқан көшелердің тазалығы мен тұрғындардың белсенділігіне өзіндік баға беріліп, Аққұм ауылдық округі, Желтоқсан көшесі «Жасыл көше – 2024» байқауының жеңімпазы атанды. Жүлделі II орынды Қаракеткен ауылдық округі, Игілік көшесі, III орынды Мақпалкөл ауылдық округі, М.Нұрылдаев көшесі иеленді. Жеңімпаздарға арнайы дипломдар мен қаржылай сыйлықтар табысталды.

– Жалағашымның көшелері тептегіс, тап-таза және жасыл-желекке бөленген. Сол үшін болар басқа өңірлерден қыдырып келген туыстарымызға Жалағаш ерекше ұнайды. Кент орталығындағы сан-алуан түске бөлеген гүлзарларын, жанға сая сыйлаған саябақтарымызды мақтанышпен айтар едік. Жалағаш жасыл-желекті, экологиялық таза деген атқа лайық болуы үшін жергілікті әкімдік те көріктендіру ісіне барынша көңіл бөліп келеді. Соның бірі міне, бүгін куә болып отырған байқауды айтуға болады. Осындай мәні бар іс-шаралар жиі ұйымдастырылса, ел дамуына да едәуір септігін тигізері анық, – дейді кент тұрғыны Бердібек Балтабайұлы.

Ауданымызды абаттандыру, көгалдандыру және тазалықты сақтау мақсатында апта сайын сенбілік ұйымдастырылуда. Яғни күл-қоқыстар шығарылып, тал-дарақтар әктеліп, арық-атыздар тазаланады. Жас көшеттер егіледі. Осылайша табиғат-анаға қамқорлық көрсетіледі. Бұл жерде айтайын дегенім, туған жердің тазалығына біркісідей атсалысып, тазалық тек «жергілікті билік шаруасы» деп қарамай, әрқайсысымыз өзіміз тұратын ауылдың, көшенің көрікті болуына үлес қосайық.

Жандос ЖАЗКЕН

Құрмет

Аналар алқа тақты

Аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов Мемлекет басшысының 2024 жылғы 15 тамыздағы №623 Жарлығы бойынша жалағаштық бірқатар анаға «Алтын алқа», «Күміс алқа» наградасын табыстады. «Алтын алқа» иегері атанған, өмірі өнегемен өрілген алтынқұрсақты аналардың қатарында Мырзабай ахун ауылынан Анар Жақыпова, Қаракеткен ауылынан Сәбира Серікбай, Есет батыр ауылынан Айзат Сағызбаева бар. Бұдан бөлек кент тұрғыны Нұргүл Сарымбетова, Еңбек ауылынан Гүлшат Қуаңбаева, Аққыр ауылынан Үміт Әбілдаева, Жаңаталап ауылынан Кенжегүл Серәліқызы «Күміс алқа» иегері атанды.

Жалағаштық аналар отбасының берекесін арттырып, қоғамдық жұмыстарда да белсенділік танытуда. «Бір қолымен әлемді, бір қолымен бесік тербеткен» деген теңеудің үлкен мағына беретінін жалағаштық аналардың өнегелі өмірі айқындап тұр. Мәселен, бүгін алтыннан алқа таққан Аламесек ауылдық округінің тұрғыны Айзат Сағызбаева биыл құс шаруашығын қолға алған. Мемлекеттен қайтарымсыз грант жеңіп алған ол бүгінде кәсібінің жемісін көріп отыр. Сөзінше, бөдененің етінен бөлек жұмыртқасы да түрлі дертке дауа екен.

Жобасы қаржылай қолдау тапқан ол бүгінде өнімін бұл түрін қолға алынғанына өкінбейді. Себебі бөдене жұмыртқасына ауданда сұраныс жоғары екен. Жас кәсіпкер мемлекеттік бағдарламамен 1 млн 476 мың теңге қайтарымсыз грант алған. Тиісті қаражатқа қажетті құрал-жабдықтарын сайлап, 1500 бөдене сатып алыпты. Бүгінде жолдасы Жомарт Тәйімбетов екеуі кәсіптің бұл түрін отбасылық бизнеске айналдырған.

– Басында мал шаруашылығымен айналысуды жоспарладық. Бірақ ауылдық жерде барлығы қорада мал ұстайды. Тіпті екінің бірі мал бордақылап сатады десе де болады. Жолдасыммен ақылдаса отырып, «құс шаруашылығын қолға аламыз» деп шештік. Бастапқыда кәсіптің бұл түрі бізге таңсық болды. Себебі бөдене кәнігі тауық секілді емес, күтімі мүлде басқа екен. Алғашқы әкелген бөденелеріміз күтімі дұрыс болмағандықтан шығынға ұшырады. Кейін тағы да сатып алып келдік. Жолдасым екеуміз оның күтіміне қатысты деректермен таныстық. Қазір жұмыртқасын сатып жатырмыз, – дейді Айзат Таңжарыққызы.

Ол кент орталығындағы 5-6 сауда орталығы мен дәмханалар иесімен бөдене жұмыртқасымен қамтамасыз ету жөнінде келісімге келген. Бірақ қазір өнімі өз ауылынан артылмайды екен. Сондықтан кәсіпкер келіншек балапан шығаратын арнайы аппарат та сатып алыпты. Алдағы уақытта бөдененің санын әлі де көбейтіп, тұтас аудан жұртын өз өнімімен қамтамасыз етуге ниетті.

Иә, бөдененің еті де, жұмыртқасы да түрлі дертке дауа. Адамның ойлау қабілетін арттырып, ағзаны түрлі жұқпалы аурулардан қорғайды екен. Тауық жұмыртқасына қарағанда бір грамм бөдене жұмыртқасы құрамында А және D дәрумендері екі есе көп болады екен. В тобындағы дәрумендер де алты есе, фосфор, калий және темір төрт-бес есе жоғары. Бұл диеталық өнімде мыс, кобальт, никотин қышқылы мен амин қышқылы да мол. Осындай мәліметтерге қаныққан Тәйімбетовтер отбасы өнімді өздері де тұтынады екен. Бір жағынан бірнеше елді мекенді өз өнімімен қамтамасыз етіп отыр. Мемлекеттен төмен пайызбен несие берілсе, бөдене етімен де тұтынушыларын қамтамасыз етуге ниетті екен.

– Бүгінгі құрметке алғыс айтамын, аналар қашанда жоғары құрметке лайық. Нәзікжандар қатарынанмын деп қарап отыруға тағы болмайды. Сондықтан отбасы, ошақ қасындағы жұмыстардан бөлек кәсіппен де айналысқан дұрыс деп ойлаймын. Алдағы уақытта кәсібімнің көкжиегін кеңейтіп, кірісті еселеуге жұмыс жасаймын, – дейді кәсіпкер келіншек.

Айта кетейік, қазіргі таңда ауданда 1382 көпбалалы отбасы бар. Көпбалалы ана, наградталғандар саны – 1018. Оның ішінде 44 ана I және II дәрежелі «Ана Даңқы» орденімен марапатталса, Кеңес одағының «Батыр ана» атағына 40 ана ие болған. Бүгінге дейін көпбалалы аналарымыз 304 «Алтын алқа» және 637 «Күміс алқа» иеленді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Ұлт ұстазы

Рух қорғаны

Ахмет Байтұрсынұлы 1926 жылы Бақы (Баку) қаласында өткен Бірінші бүкілодақтық түркітану сиезінде сөйлеген сөзінде: «Мәдениет тірі табиғаттағы жаратылыс дамуының жалғасы ретінде өзінің дамуы үшін жайлы жағдайдың болуын талап етеді. Дәл осындай жағдай Ресейде тұратын түркі халықтарында болған жоқ.

Түркілер әлденені алып қабылдайтын жалғыз ғана халықтың бұлармен тұрмыс түрінде ешқандай ұқсастығы жоқ, оның үстіне үстемдік етуші, бұратаналарға қатысты орыстандыру, православтандыру, құлдыққа салу саясатын ұстанатын өкімет басшылары бар халық болып шықты», деп шындықты жырлаған еді. Осы сөзінде Ахмет әліпбиінің шығуына себеп болған бір жайт бар. Ол Ресей оташылы өкіметінің қазақтарды шоқындыру жоспары еді. Алдымен 1868 жылы қазақты шоқындыруды мақсат еткен ереже қабылданып, 1892, 1898, 1902 жылдары кезең-кезеңімен жүзеге асырылуға тиісті мемлекеттік бағдарламалар даярланады. Қазақтарды шоқындырып, орыстандыру 1902-1916 жылдардың арасында орындалуға тиіс болатын. Бұған бағынбағандарды қырып салу үшін Түркістан уәлаятында жазалаушы әскер де дайындалған еді. Сөйтіп, қазақ руханиятына, ұлттығына үлкен қатер төнді.

1914 жылдың мамыр айындағы «Қазақ» газетінде Ахмет Байтұрсынұлы: «Үкіметке жағымдысы – қол астындағы жұрттың жазу-сызуы, тілі, діні бір болу. Ресей қол астында түрлі тілді, түрлі діні, түрлі жазу-сызуды тұтынып отырған жұрттар бар. Солардың бәрі тілін, дінін, жазу-сызуын орысқа аударса, үкіметке онан артық іс болмас», деп жазды. Ұлтты жоятын мұндай зұлматқа қарсы тұрар күш ол кезде қазақта жоқ болатын. Шоқынып жатқан қазақтар да баршылық еді. Міне, осы айтылған жайттар Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиі шығуының әлеуметтік-тарихи алғышарты болды.

Қай халық болсын қайта жаңғырып отыру үшін, жалғасу үшін биологиялық ген сияқты тұқымдық коды болуы керек. Ал бұл код сөз, ұлттық тілсіз өмір сүре алмайды. Халық тілден басталады. Ұлттық тіл – сөз экологиясы тұрғысынан қарағанда, халықтың геномы болып табылады. «Тіл этностың ең айқын және тұрақты көрсеткіші болып саналады» (Никита Толстой). Бұл геном әртүрлі құрастырушы сыңарлардан тұрады. Халық геномы әліпбиден, әріптен басталады. Әдетте, «қандай әліпбиді қолдануда тұрған не бар»? деп жатады. Жоқ, мұның маңызы зор. Орыс ғалымдары кириллица тек орыстарға ғана (және басқа славяндарға) ар¬налған, онда біздің мәдениетіміздің, христиандық рухтың ерекше коды бар деп есептейді. Бельгия лингвисі Франс Винкенің таяудағы зерттеулері көрсеткендей, кирилл әрібінде, оның символикасының тұтас жүйесінде діни, дүниеге көзқарастық (құдайлық Үштік, Логостың орналасуы, т.б. туралы) мәнеістік мазмұн бар (Валерий Миловатский). «Әр жаңа әріп өз бойында оны жасаушының ниет, аңсарын сақтайды, онда терең киелі мән болады, дүниені діни түйсінуді, әр символдың мистика тұрғысынан тәпсірленуін бейнелейді» (Литературная учеба, 1996).

Феноменологтердің дәлелдеуінше, латын әліпбиі – католиктерге, кирилл әліпбиі – православтарға, араб жазуы мұсылмандарға Көктен түскен. Бұл жайттар Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиінің шығуына рухани түрткі болады.

Сөйтіп, ұлт ұстазы алдында орыс алфавиті, батыс алфавиті жатқанмен, араб әліпбиін таңдады. Осы әліпбидің негізінде қазақ әліпбиін түзіп шықты. Өйткені жазудың – дінмен, ал араб жазуының қазақтардың ұстанатын діні исламмен (Құранмен) байланысты екенін білетін ғұлама ислам таңбасы тұрғанда қазақтардың шоқынуға бара қоймайтынын жақсы білді. Христиан басқыншылығына қарсы тұратын мұнан артық күш ол кезде табылмас та еді. Осылайша, Ақаң әліпбиі қазақ рухының қорғанына айналды.

Ол сонымен қатар араб жазуының табиғи қозғалыспен орайлас екенін жаратылыстану тұрғысынан дәлелдеді. «Жазуға қай жазу ыңғайлы болатынын айыру үшін басқа жұмыстар жүзінде қолға күш түсетін істерден жасалған ілім тәжірибелерін алып қарау керек болады. Латын жүйелі жазумен жазғанда қол қимылдау бағдары сағат тілінің жүретін бағдарына қарсы келіп отырады. Сол ыңғайына қарай жазу жолы да солдан оңға қарай жүреді. Араб әрпімен жазғанда қол қимылдау бағдары сағат тілінің бағдарымен бірыңғай келіп отырады. Сол ыңғайына қарай жазу оңнан солға қарай жүреді», деп көрсетті («Байтұрсынұлы Ахметтің араб әліпбиін жақтаған баяндамасы»). Бұған Жердің Күнді оңнан солға қарай айналатынын, тамырдағы қаны¬мыздың оңнан солға қарай ағатынын қосыңыз.

Осылайша, ұлт ұстазы қазақ руханиятын, сайып келгенде, қазақ ұлттығын орыстандырудан, христианданды-рудан құтқарушыға айналды. Олай дейтініміз – қазақтың қазіргі ойшылы Амангелді Айталы дәл айтқандай: «Отарлаушылардың бұлайша ислам дініне айрықша шүйілігіне басты себеп: мұсылмашылық қазақ арасында – ұлттық мәдениеттің, тарихтың, әлеуметтік құрылымының маңызды қыры ретінде қалыптасқан. Шындығында, ортақ ұлттық мәдени және рухани мұрадан дінді бөліп алу мүмкін емес. Социализмнің дін мен мәдениетті ажырата алмауы осыдан. Дінінен айырылған халық ұлттық қасиетінен де айырылады. Ұлт болып ұюдың негізі – дінде. Халық санасына ұлттық идея дінмен бірге енгеннен кейін тәуелсіздікке деген арманнан ешқандай оташылық айныта алмайды, себебі онда Құдайдың құдіреті жатыр».

Сөз соңында айта кету қажет, қазақ тілін, қазақ сөзін Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиіндей дәл бейнелейтін әліпби бұрын да болмады, қазір де жоқ.

Жантас ЖАҚЫПОВ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс № 1406

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru
Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ